



«КМК МҰНАЙ» АҚ

2018 ЖЫЛДЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ

Мұнай компаниясында өткен семинар-кеңес қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселесіне, яғни 28 сәуір — Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні аясында ұйымдастырылды.

Шараға қатысушыларды құттықтай отыра, «КМК Мұнай» АҚ президенті Ван Цзиньбао «КМК Мұнай» кәсіпорнында еңбек етіп жатқан әрбір жұмысшының өмірі маңызды екенін айта келе, еңбек ұжымының лайықты жұмыс жасауы үшін барлық жағдай жасалғанын атап өтті.



— Біз еңбекті қорғаудың қауіпсіздігіне ерекше басымдық береміз. Сонымен қатар біз әрдайым өз жұмысшыларымыздың жұмыс жағдайын жақсартуға тырысамыз. «КМК Мұнай» акционерлік қоғамы өз қызметі барысында қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне баса көңіл аударатынын, осы жұмысты жетілдіруге күш-жігерін салады. Осындай жұмыстың нәтижесінде оның тиімділігі компанияның тікелей Ақтөбе облысы әкімдігімен және құзыретті мемлекеттік органдармен тығыз қарым-қатынаста болуымен қамтамасыз етіледі. Біздің компания алда да қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мен тиімділікті одан әрі арттыру негізінде өндірістік жарақаттануды барынша азайту, қоршаған ортаның құрамдас бөліктеріне техногендік әсер ету бағытындағы жұмыстарды сақтайтын болады. Біз бұл бағытта аталған іс-шараларды жүзеге асыруға аз қаражат жұмсап отырған жоқпыз, — деді ол өз баяндамасында.

Бұдан әрі компанияның вице-президенті Самат Берденов қабылданған шаралар мен ағымдағы жылдың жоспары және өткен жылдағы жетістіктер туралы егжей-тегжейлі ақпарат берді.

ҚАУІПСІЗДІК — БАСТЫ НАЗАРДА

«КМК Мұнай» акционерлік қоғамы алдағы уақытта да қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғауды қолдау және жетілдіруге бағытталған жұмысын жалғастыруға ынтылы. Соның бірден-бір көпілі — өндірістік жарақаттану мен қоршаған ортаға техно-



гендік әсерді барынша азайту. Еңбек қауіпсіздігі және қоршаған орта қа-

уіпсіздігі — бұл екі тірек тек өндірістік қызметте ғана емес, кез келген адамның өмірі үшін маңызды, — деді ол семинарға қатысушылардың алдында.

«КМК Мұнай» АҚ қызметінің негізгі бағыты — Ақтөбе облысының Темір және Мұғалжар аудандарында орналасқан Көкжиде, Мәртөк және Құмсай кен орындарында көмірсутекті шикізат өндіру. Кен орындары Ақтөбе қаласынан 250 шақырым қашықтықта, яғни Темір және Мұғалжар аудандары территориясында, нақтырақ айтқанда Кеңқияқ, Саркөл және Шұбарши ауылдарына жақын маңда орналасқан.

2013 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстандағы жетекші мұнай-газ операторларының бірі — «СНПС-Ақтөбе-мұнайгаз» АҚ «КМК Мұнай» АҚ акционері болуы компания қызметінің тұрақтылығын одан әрі нығайтты.

«КМК Мұнай» АҚ-да негізгі басымдық қауіпсіздік, еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғауға беріледі. Компания жыл сайын еңбек жағдайының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және табиғатты қорғау шараларын жүзеге асыру мақсатына қыруар ақшалай қаражат бөліп отыр. Өз қызметі барысында «КМК Мұнай» АҚ-да соңы өліммен аяқталған өндірістік жағдай, улану және кәсіби аурулармен ауру, ерт, ғимараттардың қирауымен байланысты техногендік апаттар, қоршаған ортаға зиян тигізу деректері тіркелген жоқ.

2013 жылдың қаңтарынан бастап «СНПС-Ақтөбе-мұнайгаз» АҚ «КМК Мұнай» АҚ-ға акционер болып келуінің нәтижесінде кәсіпорында көмірсутекті шикізат өндірісінің көлемі бірден артты. 2017 жылы бұл көрсеткіш 422 мың тоннадан асса, осылайша Ақтөбе облысы экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Аймақ экономикасына тартылған инвестициялар 2015 жылы 8 млрд теңгеден асса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 5,5 млрд теңгені құрады, ал 2017 жылы рекордтық көрсеткіш — 14 млрд теңге болды. Өндірістік көрсеткіштердің өсу динамикасы жайында айтқан Самат Берденов:

— Негізгі капиталымыз біздің жұмысшыларымыз болып саналады. Бүгінгі күні компанияда 300 адам жұмыс жасайды, оның жартысына жуығы — Ақтөбе қаласының, ал үштен бірі — Темір ауданының тұрғындары. Өндірістік қызметтің негізгі бөлігі Мұғалжар ауданында жүргізілетін болғандықтан, жұмысшылардың 12 пайызын сол өңірдің халқы құрайды. Компанияның қызметі тұрақтылық және басқарудың жоғары дәрежесімен ерекшеленеді, — деді ол.

Акционердің тиімді басқару стратегиясының арқасында «КМК Мұнай» АҚ-да мұнай даярлау қондырғылары модернизацияланды. Қазіргі таңда негізгі технологиялық үдерістер автоматтандырылған және оларды операторлар алыстан басқару арқылы жүзеге асырады. Ал бұл жайт мұнай даярлау көлемін арттырумен қоса жұмыскерлердің жарақат алу тәуекелін төмендетіпті.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПҚЕРШІЛІКТІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

«КМК Мұнай» компаниясы өткен жылы «Парыз» республикалық конкурсының «Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Бұл — кәсіпорын үшін үлкен мақтаныш. «Алтын сапа» алтын мүсіншесі «КМК Мұнай» АҚ президенті Ван Цзиньбаоға Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың өзі табысты. Бұл марапат кәсіпорынның тек жұмысшыларға ғана көңіл бөліп, олардың жағдайын жасауымен ғана шектелмей, сонымен қатар аймақ тұрғындарына көмектесуі, әсіресе Темір ауданындағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсетуінің нәтижесінде жоғары деңгейден танылуына зор ықпал етті.

Самат Берденов өз сөзінде еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бағытында жұмыс беруші тарапынан атқарылып жатқан іс-шараларға да тоқталды. Олар бұл істе жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуден



бастап, алғашқы медициналық көмек жинағы, жанғыш және улы заттарды анықтауға арналған құралдармен қамтылған. Жыл сайынғы медициналық тексерістің қорытындысы бойынша, кімнің денсаулығында ақау болса, сол адамды Сарыағаш, Манкент, Жаңақорған санаторлы-курортты аймағына емделуге жолдама беріледі.

Кәсіпорынның барлық жұмысшысына жыл сайын медициналық сақтандыру беріледі, бұл өз кезегінде олардың ақысыз «Медикер» компаниясында қаралуына мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, кен өндірушілерді фельдшерлік тексерістер өткізу ісі де қатаң жолға қойылған. Кәсіпорында жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсартуға кеткен шығынның жалпы көлемі 137 миллион теңгеден асады.

Компания жұмысшылары үшін әлеуметтік көпірліктер тізімі белгілі. Сондықтан да «КМК Мұнай» компаниясының ұжымдық келісімшарты Ақтөбе облысында ең үздіктердің бірі саналады. Жоғарыда аталғандардан бөлек, медициналық сақтандыру қарастырылған, сондай-ақ, кәсіпорын жұмысшылары балалары үшін «Мұнайшы» лагерінде тынығуға жылына қырықтан астам жолдама, түрлі өмірлік жағдайларға біржолғы төлемдер және мерекелік сыйақылар, сонымен қатар денсаулықты нығайту бағытында фитнес бассейндерге және тағы басқаларына ақысыз баруға жағдай жасалған.

Санитарлық зертхана мен өнеркәсіп объектілеріне жүргізілген аттестациялау кезінде ешқандай оңқылықтар, яғни компания жұмысшыларының денсаулығына әсер ететін жағдайлар анықталған жоқ. Со-

«КМК Мұнай» АҚ Шығыс Қазақстан облысында көктемгі тасқын су кезінде зардап шеккен тұрғындарды қолдау үшін 8 миллион теңге аударды.

нымен қатар, компания басшылығы мен акционерлердің шешімімен, вхталық әдіспен жұмыс жасаудың өзі қауіпті және олардың барлығы ауыр жұмыста еңбек ететіндер ретінде саналып, соған байланысты оларға қосымша кәсіби зейнетақы жарнасы төленеді. Сондай-ақ олар Темір ауданының экологиялық жағынан қолысыз аймағында жұмыс жасайтын болғандықтан, ай сайын экологиялық жәрдемақы алады. Жыл қорытындысы бойынша қауіпсіздік және еңбек қорғаудың үздік көрсеткіші бойынша орташа 30 мың теңгеден, өндіріс озаттарымен үздіктеріне 100 мың теңгеден сыйақы беру қарастырылған, ал биыл

өндірістік жетістіктері үшін 2017 жыл қорытындысы бойынша адамдарға 35 мың теңгеден төленді, — деді Самат Берденов.

Облыс әкімдігі мен компания басшылығы арасындағы меморандумға сәйкес, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап кәсіпорындағы барлық жұмысшының еңбекақысын 15 пайызға көтеру турасында шешім қабылданған. Жаңадан жатын вагондарын сатып алу мен күзет қызметі үшін стационарлы бекет алу мәселесі де — еңбек жағдайларын жақсарту бағытында атқарылған шаралар. Жыл соңында ең үздік өндірістік участок және нақты орындаушылар анықталып, марапатталатын болады.

НЕГІЗГІ МІНДЕТ — ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

«Көкжиде құмы» арнайы қорғалатын табиғи аумағы жанында жұмыс істейтін компания қоршаған ортаға «Өндірістік қызметке зиян келтірмеу» ұранымен сипатталады. Осы мақсатта биосфераның компоненттеріне техногендік әсерді барынша азайту, яғни табиғатты қорғауға қатысты барлық шаралар қабылданады.

Иә, атмосфераға шығарылатын заттарға рұқсат етіледі. Кейбір жерлерде белгілі бір немесе басқа себептермен жер ресурстарын ластайды, бірақ біз бұл жағымсыз әсерлердің барлығын азайтып, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге тырысамыз, — деді компанияның вице-президенті.

Жыл сайын компания ірі мөлшерде табиғат қорғау шараларына келесідей. Атап айтсақ, 2015 жылға жоспарланған 70 миллион теңгенің орнына 85 миллион теңге игерілсе, 2016 жылы бұл бағытқа қарастырылған 80 миллион теңгенің орнына 103 миллион теңге жұмсалған. Былтыр қаржыландыру көлемі 90 миллион теңгеге жетті. Шығынның негізгі бөлігі Көкжиде жер асты суының жағдайын тексеру іс-шараларына жұмсалған.

«КМК Мұнай» өндірісті жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға елеулі үлес қосады. Былтыр ол негізгі объектіге — 1 миллиард теңге мұнай дайындауды қолдады. Оның күші екі есе өсті. Оның негізгі артықшылығы — қоршаған ортаны ластамайды, өйткені барлық негізгі технологиялық процестер автоматтандырылған, адам факторы алынып тасталыпты. Сонымен қатар «Ақпараттық Қазақстан — 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «СНПС-Ақтөбе-мұнайгаз» АҚ-мен тығыз байланыста өндірістік экологиялық мониторинг режимінде шынайы уақыты белгілейтін автоматтандырылған станция орнату жоспарланған.

Саркөл және Шұбарши поселкелерімен қатар кәсіпшіліктің санитарлық-қорғаныс аймағында орналасып, атмосфералық ауаны тәулік бойы бақылап отырып, көрсеткіштер экологтарға онлайн режимде беріледі,

ауытқушылық болғанда технологтар жедел хабардар етіледі.

— Мұның барлығы ластаушы қалдықтарды жедел анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстарды біз облыстық экология департаментінің ұсынысы бойынша жүргіземіз, — дейді Самат Берденов.

Компания президенті ағымдағы жылды қауіпсіздік жылы деп жариялағаннан кейін, биыл атқарылатын іс-шаралар көп. Солардың қатарында саналатын атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын үздіксіз бақылау жүйесін орнату жоспарланған.

ОҢ НӘТИЖЕ, ЖОҒАРЫ БАҒА

Семинарға қатысушылар «КМК Мұнай» компаниясының қызметі тұрақтылық пен басқарудың жоғары деңгейімен сипатталатынын айтты. Мәселен, экология департаменті басшысының орынбасары Ерболат Қожықов кәсіпорынның технологиялық үрдістерді автоматтандыру ісін мақұлдады. Оның айтуынша, бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауындағы айтылған тапсырмаға жауап береді.

«КМК Мұнай» компаниясы басшылығының биылғы жылды қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жылы деп жариялағанын қуантады. Мұнда осы мәселеге айтарлықтай көңіл бөлініп отыр. Жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсартуға ауқымды қаражат бөлініп отыр. Бұл кәсіпорын өндірістік жарақат алу көрсеткіші төмен компаниялардың бірі ретінде облыста ерекшеленеді, — деді облыстық еңбек инспекциясының мемлекеттік инспекторы Анат Төлегенов.

Ал индустриалды даму және өнеркәсіп қауіпсіздігі комитеті Ақтөбе облысы бойынша департаментінің өкілі Айдар Әбуов: — «КМК Мұнай» кәсіпорны арнайы тапсырыс бойынша тексеріс өткен жылдың шілдесінде айында жүргізілді. Қауіпті объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздікке жүргізілген өндірістік бақылау қорытындысы тиісті деңгейде, бірақ бірқатар бұзушылықтар анықталғандықтан, дер кезінде қалпына келтірілді. Бұл өз кезегінде тәуекелдер мен жасырын қауіптерді талдау кезінде оң бағасын берді, — деді.

Семинар-кеңестің нәтижесінде барлық шақырылған қонақтар «КМК Мұнай» АҚ басшыларына осындай шараға мұрындық болғандары үшін өз алғыстарын айтты. Себебі бұл шара «КМК Мұнай» АҚ-ның қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласында жүзеге асырып жатқан жоспарларымен жақын танысуға және бірқатар мәселелерді талқылауға мүмкіндік берді.

Арайлым НҰРБАЕВА.